

8D023 Тілдер және әдебиет: 8D02310-«Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Батырбекова Камшат Айшигаровнаның «Мәмлүк қыпшақтары тіліндегі «Байтарат'ул-вазих» жазба ескерткіші тілінің лексика-семантикалық ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

## П І К І Р І

Халқымыздың өткені жайлы, әдет-ғұрпының, мәдениетінің қалыптасу, даму ерекшеліктері жайлы көне замандарда жазылып қалған көптеген тарихи мұраларымыз бар. Олардың тақырыптық, мазмұндық ерекшеліктері қаншалықты терең болса, ареалдық, яғни аймақтық таралым өрісі де өте кең. Мұның өзі халқымыздың басынан өткен тарихи-қоғамдық, тарихи-әлеуметтік оқиғаларға байланысты екендігі рас. Тарихи дереккөздер мәліметтері соны көрсетеді. Бүгінгі ұрпақтың басты, қалаулы міндеттерінің бірі – өз халқымыздың өткен тарихындағы мәнді де, аса құнды мұраларын толық мәнінде игере алу болып табылатындығында. Бұл салада атқарылып жатқан азды-көпті іс-шаралар да баршылық.

Дей тұрсақ та, қазақ тарихына тікелей қатысы бар жазба ескерткіштеріміздің зерттелу жағдайы көңіл көншітерліктей емес екендігін де түсіне білгеніміз жөн-ақ.

Тіл тарихын, оның сөздік қорын зерттеу үшін тілдік фактілердің көне дәуірде және ортағасырларда пайда болған жазба ескерткіштердің болуы шарт. Тілдің әрбір тарихи кезеңінен хабар беретін жазба материалсыз тіл тарихының болуы мүмкін емес. Түркі тілдерінің ортағасырлық кезеңінен хабардар ететін материалдардың бір тобы – ортағасырларда жазылып қалған ескерткіштер лексикасын қазақ тілі лексикасымен фонетикалық, лексика-семантикалық, лексика-фразеологиялық, фоно-морфологиялық салыстырулар жасап зерттеу – нақты ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыстың мақсатында көрсетілгендей ескі қыпшақ тілі диалектілері (сөйленістер мен сөйленістер тобының) деп танылып жүрген тілдік құрылымның дыбыс жүйесіндегі, грамматикалық құрылысы мен сөздің құрамындағы басты тілдік құбылыстардың деңгейін айқындап, қазақ тілінің тарихи диалектілік негіздері сипатталған. «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішінің жазылу және зерттелу тарихына шолу жасалынып, жанрлық құрылымы мен мазмұндық ерекшеліктері талданған, жәдігерлік тіліндегі фонетикалық құбылыстарды тарихи-компаративтік әдіспен саралап, дыбыстық жүйесі мен фонетикалық заңдылықтарын, қазіргі қазақ тілімен тоғысу жолдары айқындалған.

Ескерткіш лексикасының қазіргі қазақ тілінде қолданылу дәрежесін салыстыра отырып, сөздерді сөз таптарына жіктеу және олардың мағынасы мен тұлғасының сақталу деңгейіне қарай топтастырылып, сандық тұрғыда статистикалық талдау жүргізген.



Мұндай зерттеу жұмыстардың нәтижелері қазіргі қазақ тіліндегі сөз туралы ілімді, оның лексикалық қоры мен семантикалық категорияларын жан-жақты саралап талдау, тарихи қалыптасу, баю, құнарлану көздерін пайымдауға тиісті дәрежеде бағыт пен бағдар береді.

Қазақ тіл білімі – қазіргі кезде зерттеу әдістері мен ғылыми негіздері жанжақты анықталған ғылым саласының бірі. Солай бола тұрса да, оның жалпы теориялық мәселелерімен қатар жекелеген проблемалары әлі де болса дәлірек аша түсуді қажет етеді. Соның бірі – ортағасырларда жазылған жәдігерлер тілін қазіргі түркі тілдерімен тарихи-салыстырмалы зерттеп, тілдік айналымға түсіру.

Соңғы жылдары бұл мәселеге ерекше көңіл бөлініп, белгілі бір тілдің тарихи қалыптасу жүйесіне тікелей қатысты көне мұралар мен ортағасырлық жазба ескерткіштердің тілдік мәліметтерін қазіргі тілдердің күнделікті қолданылып жүрген материалдарымен салыстыра зерттеу қолға алынуда. Осы өзектілікке сәйкес зерттеу жұмысында осы әдісті қолдана отырып, қазақ тілінің тарихына тікелей қатысты ортағасырлық жазба мұралардың бірі «Байтарту'л-вазих» ескерткішіндегі лексикалық бірліктерді қазіргі қазақ тілімен жалғастығын айқындап көрсетуі диссертанттың негізгі жетістіктері деп қараған жөн.

Ескі қыпшақ ескерткіштер тілі мен қазіргі қазақ тілін салыстырамлы-тарихи негізде зерттеп, сабақтастықты фоно-морфосемантикалық деңгейде дәлелдеу, сөз жоқ үлкен ғылыми жаңалық болып табылады.

Зерттеу жұмысының теориялық құндылығы, біріншіден, ескі қыпшақ ауыз екі тілді ескерткіштердің топтастырылуы, қыпшақ тілдерінің тарихи қалыптасуын фоно-морфо-семантикалық деңгейде зерттелуі, ескі қыпшақ тілі мен қазақ тілінің қатыс дәрежесін айқындау, ескі кезең тілінің өн бойында, яғни фонологиялық, лексикалық, морфологиялық қабаттарда сабақтастық, бір жүйелілік құрылымдардың дәлелденуі – зерттеушінің ұсынған тұжырымдарды түркітанудың олқылықтарын нақты толтырып тұратындығымен бағалауға болады. Жазба мұрағаттардың түпнұсқасынан, көшірмелерінен нақты деректер бере отырып, саралау, сипаттау, салыстыра талдау бағытындағы зерттеу бүгінгі күн сұранысына жауап береді. Қазіргі қыпшақ тілдерінің және қазақ тілінің тарихи мәні мен қалыптасу арналарын айқындауға жол ашатын осы тектес зерттеу жұмыстары ұлттық мәдени мұраға қатысты мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланысты қарағанымыз абзал.

Зерттеу жұмысында «Байтарту'л-вазих» жазба ескерткішіндегі сөздер семантикалық тұрғыдан теориялық тұжырым жасалып, салыстырмалы-тарихи талдау, синхрондық, диахрондық зерттеу әдістері де орынды қолданылған. Жалпытүркілік лексиканың негізгі ерекшеліктері мен сөздердің мағынасының өзгеру динамикасы зерттелген. «Байтарту'л-Вазих» ескерткішіндегі лексикалық бірліктерді басқа түркі тілдеріндегі сөздермен салыстыру арқылы олардың тарихи және тілдік тамырлары анықталған. Зерттеу барысында диахрондық және синхрондық әдіспен зерттеулер жүргізіліп, қазақ тіліне жақындығы нақты тілдік деректермен дәлелденіп, ортағасырлық қыпшақ тілі



мен қазіргі қазақ тілінің лексика-семантикалық ұқсастықтары жан-жақты анықталған. Зерттеу жұмысының нәтижелері тарихи лексикологияның теориялық мәселелеріне өз деңгейінде үлес қоса алады. Жоғары оқу орындарында филология факультетінің студенттеріне Қазақ тілінің тарихи фонетикасы, Тарихи лексикология салалары бойынша оқытылатын дәрістерде, лексикографиялық тәжірибеде, арнайы курстарда көмекші құрал ретінде пайдалануға мол мүмкіндік бар.

Диссертациялық жұмыстың үш тарауында жоспарланған мәселелер нақты мысалдармен дәлелденіп, зерттеу жұмысының мазмұны толығымен ашылған.

Камшат Айшигаровна қолжазбада жылқы соматикасына қатысты 60-тан астам лексикалық бірлікті анықтап, оларды морфологиялық, семантикалық, құрылымдық тұрғыдан топтастырып, атаулардың контекстегі қолданысы, эмоциялық және бағалауыштық реңктері, сондай-ақ мәдени-символдық мағынасын жан-жақты сипаттаған. Жекелеген сөздердің этномәдени және мифологиялық мәні ашуда да көп еңбек еткен.

Қорыта айтқанда жұмыстың мазмұны толық ашылған. Тақырыпқа тікелей және жанама әдебиеттерді де кең көлемде пайдаланған. Еңбек докторлық жұмысқа қойылатын негізгі талаптарға сай. Жұмысты қорғауға жіберуге лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші ф.ғ.д., профессор



С.Р. Боранбаев